




EGEMEN QAZAQSTAN

Қазақтан шыққан губернатор



Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы үшін қатал тағдырдың иі жсібіп, жақсылықтың нышаны байқалды. «Халық жауы» ретінде атылып кеткен, елдің рухани көсемдеріне айналған бірқатар тұлғалар ақтала бастады. Ал 1955 жылдың жазынан Қытайдағы қандастарымыздың тарихи отандарына бет түзеген ұлы көші, әбден езгі мен қанау көрген әрі біржақты экспансияға ұшыраған мемлекет құрушы этностың бойына жаңа бір леп әкелгені рас еді.

Себебі ұлттық уызынан ажырамаған толқын ежелгі мәдениет пен әдебиетті өздерімен ала келді. Бір өкініштісі, олардың дені арғы бетте атқарған қызмет саласына іліге алмай, мал шаруашылығына жегілді. Бірақ ішінара көзі ашық, көкірегі ояу, талабы беріктері мәдени-рухани орталарға табан тіреді. Сондай зиялының бірі – Телмұхамед Қанағатов еді. Ол туған атажұртына ел жаппай ағылғанда көзжұмбайлықпен көшпеді, әуелі барынша қамданды. Ең бірінші кирилл қарпін танудан бастады. Сол жақта жүріп қазақ мықтыларының еңбектерімен әбден қанықты. Сөйтіп алпыс бірінші жылы ғана елге бет бұрды. Ал бері өтісімен қолға алғаны – орыс тілін меңгеру болды. Осындай жан-жақты әзірліктен соң Ұлттық Ғылым академиясының табалдырығынан аттады. Әрі Кеңес өкіметінің қағидасы бойынша жұмыссыз жүрген адам болмауы тиіс. Академиядағы жауапты мамандар сөзі де, өзі де орнықты Телмұхамедтің құжаты мен қатар қабілетіне де үңіле шұқшиды. Оның қытай және араб тілін жетік меңгеруі қазақ ғылымы үшін үлкен олжа еді. Бірақ сыртпен байланыс орнатуға жол жоқ, жабық қоғамда ол қабілетқарымды толық пайдалануға мүмкіндік болмады. Алайда төте жазуды қапысыз меңгерген жігіттің осы бір қыры да ғылым үшін осал олжа емес-тін. Өйткені кешегі күнге дейін төте жазумен тасқа басылған ұлттық құнды мұрағаттар мызғымай жатқан болатын. Сондықтан ойлана келіп, нағыз еңбек етер дер шағындағы жігітті Ғылым академиясындағы Әдебиет пен өнер институтының қолжазбалар қорына қызметке қабылдады. Ұлттық мұраға бай

архивтің «қойны-қонышын» ақтаруға есік ашылған соң көне дүниелерге ежелден ынтық азамат үлкен қазынаға тап келді. Араб қарпіндегі құпия жатқан байлық ел игілігіне айнала бастады. Бұрын мұндай қолжазбаларды ескі көздер ғана оқи алатын, ал Телмұхамед сияқты қажырлы да жігерлі жандардың пайда болуы – қайнардың көзін тапқандай, сусаған жұртқа сарқырай ақтарылды. Еңбекқор жан қағазбасты боп қапас қабырғаларда ғана отырып қалмай, ел арасынан ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұраларды жинауға да жиі сапарларға шығып тұрды. «Ел іші – өнер кеніші» демекші, мұндай мақсатты жолдарда небір қазыналарға да ұшырасып, олжаға батты. Олар қолжазба түрінде де қолына тиді, көбіне көкірегі алтын сандыққа айналған шежірешіл қарттардың аузынан құнды дүниелерді қағазға түсірді. Бүгінде Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы көптеген көне мұралардың соңында «жазып алған Телмұхамед Қанағатов» деген бірауыз сөз жиі ұшырасады. Қырық екі жасында елге оралған жігіт табан аудармай жиырма жылдан астам қолжазбалар қорында қызмет етті. Осы аралықта қазақ қолжазбаларының алты томының ғылыми сипаттамаларын жазып, талдап, жарыққа шығаруға атсалысқан екен. Оның екі томы «Қобыланды батыр» (2 нұсқа), «Көрұғлы» (4 нұсқа), «Дотан батыр», «Ахметбек-Жүсіпбек», «Едіге батыр», «Қарасай батыр», «Апақ батыр» секілді эпикалық дастандар. Сондай-ақ үшінші томына халықтың ықыласын алған «Зуберше мен Гүлханым», «Әмір патша мен Таймас уәзір», «Түкібай-Шолпан», «Салиха мен Сәмен» тәрізді лиро-эпостық жырлар ыждағатпен енгізілген. Телмұхамед көз майын тауысып жазған ғылыми сипаттаманың төртінші томы – «Тарихи жырлар» деп аталады. Еңбекқор азамат бұдан бөлек «Қазақ ертегілерінің» 3 томын, «Қазақ айтыстарының» 3 томын құрастырып, ел игілігіне ұсынды. Оның әрбір ісінен ұлтжандылық көрініп тұратынын сол кездегі әріптестері аңғармай қалмайтын. Әрі бұл ерекшелігінің құпиясын туған топырағымен және оның сындарлы тағдырымен байланыстыратын. Ол 1919 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Қарақол ауылында ауқатты отбасында дүниеге келген еді. Көзін ашып көргені қызыл империяның зорлықзомбылығы болды. Ақырында, Қазақстандағы «Кіші қазан» тауқыметі салдарынан ел қуғынға түсіп, ашаршылыққа ұшырады. Нәубетке тап болған жұрт бас сауғалап, үдере көшті. Телмұхамед ол кезде небәрі 12 жаста еді, үріккен жұртпен Алатау асып, арғы беттен бір-ақ шықты. Адамның басы – Алланың добы деген әбден рас, еш ойламаған дүние – Шығыс Түркістанның дәмін татуға тура келді. Кеңес өкіметінің қуғынға түсіріп, көзін жоймақ болғаны да, негізінен, халықтың бас көтерер қаймағы-тын. Осындай теперіштен көптеген атанжілік азаматтар лажсыз туған жерінен ажырап, қолға түскендері аяусыз оққа байланды. Қара халықпен бірге арғы бетке қоныс аударған әл-ауқатты отбасылар балаларын оқытуға ұмтылды. Сөйтіп Телмұхамед те Үрімші қаласындағы Қытай мектебін аяқтап шықты. Тумысынан зерек бала оқуға қабілетті, ынтасы зор болды. Аз уақытта иороглифтерді меңгеріп, қытайша бастауыш білім алды. Елтеп, син тілінде сөйлейтін дәрежеге жетті. Алайда мұнысының тым тақұл-тұқыл екенін білген әкесі мұғалімдер училищесінің тарих бөлімінде баласының

оқуын жалғастыруды қалады. Тарих ілімі жеткіншектің қиялына қанат бітірді әрі түрлі ойға жетеледі. Дүниені тануға қызығушылығы артып, училищені үздік бітірген бозбала енді Бейжіңдегі Жоғарғы кадр қызметкерлерін дайындайтын оқу орнына қабылданды. Бұл үркіншілікке ұшыраған босқын жұрттың баласы қолы жете қоймайтын биік асулар еді. Ата-анасы үміт артқан ұл Бейжіңдегі оқуын да абыроймен аяқтап, Шәуешек қаласына табан тіреді. Сол заманға сай жоғары білім алған жігіт, көптеген тарихи жағдайларға қаныға түсті. Оның өмірлік ұстанымының қалыптасуына осы қала айрықша ықпал етті. Өйткені Кеңес өкіметінен қуғын көріп, шекара асқан алашшыл қайраткерлер мен оларды өнеге тұтқан ұлтжанды азаматтар Шәуешекке шоғырланып, орныққан екен. Саяси ахуалды біршама бағдарлап, ысылған олар бұйығы елдің санасын оятарлық бір-бір шыраққа айналған. Оның үстіне осы тұста аймақ орталығы – Шәуешек шәрісіне Телмұхамед тәрізді төңкерісшіл идеядағы жастар топтанып, бастары құралып қалып еді. Олар: Дубек Шалғынбаев, Жағда Бабалықұлы, Ахметқали Бітімбаев, Балқаш Бапин, Қалдыбай Қанафиндер сияқты алымды да алғыр жігіттер болатын. Телмұхамед те Шәуешекке келісімен солармен тығыз байланыс орнатып, араласа бастады. Ниет-тілектері бір мүддеде тоғысқан олар тез тіл табысып кетті. «Азаттық» деген айқын мақсаттың төңірегіне топтасқан ұйымшыл да табанды топ бұрынғы «Алаш» партиясы үлгісімен «Ұлт азаттық» ұйымын құрды. Нәтижесінде төңкерісшіл жастардың белсенді іс-қимылы арқасында Шәуешек аймағы 1945 жылы тамыз айында бұрынғы Қытайдың Гоминдан үкіметінің билігінен қан-төгіссіз, бейбіт жолмен азат болады. Ізінше Іле, Алтай, Тарбағатай сияқты ірі үш аймақты қамтыған, ежелден көксеген Шығыс Түркістан Республикасы құрылды. Телмұхамед Ахметұлы 1950-1951 жылдары ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі ретінде жұртқа әбден танылып, есімі жалпы жұртқа кеңінен жайылып үлгерді. Табанды еңбегі әрі күрескер де іскер қабілетінің арқасында Т.Қанағатов Автономиялық халықтық үкіметі белгілеген «Садахат» орденімен 2 рет, «Ыстық Лалият», «Азаттық» ордендерімен марапатталды. Қалың бұқара мен әріптестері арасындағы беделінің арқасында Бүкіл Қытай жиналысына ұйғырқазақ облысынан депутат болып сайланды. Осылай қажырлы да табанды жастың қайраткерлік жолы биік межеде жалғасын тауып, көпшіліктің адамына айналды. 1956 жылғы 13 ақпанда Қытай Халық Республикасы премьер-министрі Чжоу Энь-Лайдың №4290 бұйрығына сәйкес Телмұхамед Синзян-Ұйғыр автономиясының Тарбағатай аймағының губернаторы болып тағайындалды. Бұл – Қытай Коммунистік партиясының қазақтан губернатор тағайындау туралы алғашқы және соңғы бұйрығы еді. Сонау XVIII ғасырдың екінші жартысында найман руының сұлтаны болған Әбілпейіз төре де Тарбағатай аймағының тізгінін тұтастай қолына ұстаған. Сол кезде оған қытайдағы маншың өкіметі уаң деген ел билеуші атағын берген болатын. Ал қазақтан қытай жерінде губернатор шығуы тұңғыш оқиға болды. Талапты да іскер жігіт бұдан соң араға екі жыл салып, Шәуешек аймақтық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымына сайланды. Сөйтіп Телмұхамед Қанағатов XX ғасырдың орта шенінде Қытай мемлекеті

құрамындағы Шығыс Түркістан ұлт зиялыларының алдыңғы қатарындағы тұлғалардың біріне айналды. Бірақ оның көкейінен туып-өскен жері, ата-баба аманаты бір сәт те кетпеді. Дәл сол тұста ағайын-туыс лек-лек болып атажұртқа ағылып жатты. Қасиетті атамекен санасында айналып жүріп алды. Ақырында, сатылап өсіп келе жатқан биік лауазымды қызметтеріне қарамай Телмұхамед Қанағатов 1961 жылы өзінің туған жері Қазақстанға оралды. Атажұртқа келгенде ол небәрі 42 жаста еді. Қызмет істеу, ел басқару тәжірибесі жеткілікті болды. Бірақ ондай қызметтерге түрлі себептермен іліге алмасын біліп, ендігі қажырын да, жігерін де туған халқының рухани дүниесін түгендеуге жұмсады. Онысы жеміссіз де болған жоқ, игілігін бүгінде қалың елі көруде. Бірнеше қоғамдық құрылымды бастан өткерген, жат жұртта жүріп халқын жасытпаған жігерлі жан – Телмұхамед Қанағатовтың биыл туғанына 100 жыл толып отыр. Оның Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының қолжазбалар қорында атқарған қызметінің өзі көпке үлгі болары сөзсіз. Жақсының жүріп өткен жолы ғибратқа толы екені де аян. Ендеше, халқы мұндай күрескер ұлдарын ұмытпауы тиіс. Телмұхамед Ахметұлын тағдыры ерекше тұлғалар қатарына қосуға болады. Тіпті көңіл бөліп, зерттеуді қажет ететін адамның бірі деп ойлаймын. Оның туғанына 100 жыл толуына байланысты өзі қызмет еткен Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институты қыркүйек айында республикалық дөңгелек үстел өткізуді жоспарлап отырғаны қуантарлық іс. Телмұхамед Ахметұлының тарихи Отанына оралып, ұлт құндылықтарын түгендеуге аянбай атсалысуы – бүгінгі шетелдерден оралған ағайындарға да үлгі болары сөзсіз.

Талапты да іскер жігіт бұдан соң араға екі жыл салып, шәуешек ай.мақтық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымына сайланды. сөйтіп Телмұхамед Қанағатов XX ғасырдың орта шенінде Қытай мемлекеті құрамындағы Шығыс Түркістан ұлт зиялыларының алдыңғы қатарындағы тұлғалардың біріне айналды.

Несіпбек АЙТҰЛЫ, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты